



# ҚАЗАҚСТАНДА ЗЕЙНЕТАҚЫ МЕН ЖӘРДЕМАҚЫ МӨЛШЕРІ ӨСТІ



**2025 жылғы 1 қаңтардан бастап мемлекеттік жәрдемақылар мен базалық зейнетақы төлемдерінің барлық түрінің мөлшері ҚР Ұлттық Банкі айқындайтын инфляцияның болжамды деңгейіне сәйкес 6,5%-ға, ынтымақты зейнетақы 8,5%-ға, яғни инфляция деңгейінен 2% - ға оза отырып ұлғайтылды.**

Бұдан басқа Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша 2023 жылдан бастап бес жыл ішінде ең төмен базалық зейнетақыны ең төмен күнкөріс деңгейінің 70 %-на дейін, ең жоғары – 120 %-ға дейін жыл сайын кезең-кезеңімен арттыру жүзеге асырылады.

Мәселен, 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап базалық зейнетақының ең төмен мөлшері ең төмен күнкөріс деңгейінің 65%-нан 70%-ға дейін ұлғайтылды, бұл 32 360 теңгені

құрап, оның ең жоғары мөлшері ең төмен күнкөріс деңгейінен 105-тен 110%-ға дейін арттырылып, 50 851 теңгені құрайды.

Мысалы, 2019 жылы зейнеткерлікке шыққан 69 жастағы зейнеткердің 2024 жылы бюджеттен төленетін зейнетақы мөлшері 156 856 теңгені құрады, оның ішінде базалық зейнетақы төлемі – 45 578 теңге, ынтымақты зейнетақы – 111 278 теңге. 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап өсімді ескере отырып, осы зейнеткер үшін зейнетақының жалпы сомасы 171 588 теңгеге дейін ұлғайды, оның ішінде базалық зейнетақы – 50 851 теңгені, ынтымақты зейнетақы – 120 737 теңгені құрады. Аталған сомаларға БЖЗҚ-дағы төлемдер кірмейтінін атап өту маңызды.

2025 жылғы 1 қаңтардан бастап мемлекеттік жәрдемақылардың ұлғаюының бірнеше үлгісі:

- 1, 2, 3 бала туғанда берілетін жәрдемақы 140 296 теңгеден 149 416 теңгеге дейін, 4 және одан да көп бала туғанда берілетін жәрдемақы – 232 596 теңгеден 247 716 теңгеге дейін ұлғайды;

- мөлшері балалар санына байланысты берілетін көпбалалы отбасыларға арналған жәрдемақы 4 баласы бар отбасылар үшін 59 183 теңгеден 63 030 теңгеге дейін, 10 баласы бар отбасылар үшін – 147 680 теңгеден 157 280 теңгеге дейін арты;

- I топ мүгедектігі бар адамдарға арналған жәрдемақы 95 496 теңгеден 101 702 теңгеге дейін, II топ – 76 397 теңгеден 81 362 теңгеге дейін, III топ – 52 089 теңгеден 55 474 теңгеге дейін өсті.

Сондай-ақ, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан (бұдан әрі – МӘСҚ) асыраушысынан айырылу және еңбекке қабілеттілігінен айырылу бойынша төлемдер мөлшері 6,5 %-ға артты. Аталған төлемдер міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушыларға бюджеттен берілетін мемлекеттік жәрдемақыларға қосымша жүзеге асырылады.

Төлемдердің мөлшері жеке санаттарға және келесілерге байланысты болады: соңғы 2 жылда МӘСҚ-ға әлеуметтік аударымдар жүргізілген орташа айлық табыс, еңбекке қабілеттілігінен айырылу коэффициенттері, асырауындағы адамдар саны, міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысу өтілі және табысты алмастыру.

gov.kz

# ЖЕТИСУ ОБЛЫСЫНДА ЖАҢА ЖЫЛ ҚАРСАҢЫНДА ТАҒЫ 7 ЖАҢА ӘЛЕУМЕТТІК НЫСАН ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

**Жетісу облысында Жаңа жыл қарсаңында тағы 7 жаңа әлеуметтік нысан іске қосылды. Солардың қатарында Кербұлақ, Қаратал, Ескелді, Көксу және Сарқан аудандарында бір ауысымда 250 адам қабылдайтын емхана, ауылдық мәдениет үйлері, спорт кешендері мен медициналық пункттер бар, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.**

Кербұлақ ауданы Сарыөзек ауылында заманауи емхана пайдалануға берілді.

- Бұрын компьютерлік томограф болған жоқ, жалпы материалдық-техникалық база ескірген болатын, соған сәйкес халыққа медициналық көмек көрсету барысында белгілі бір деңгейде қиындықтар болды. Осыған байланысты тұрғындарды Талдықорған, Алматы қалаларына жіберуге тура келетін. Бүгін жаңа емханамыз ашылып, біраз мәселе шешілді. Мұнда компьютерлік томограф орнатылған, рентген, УЗИ, жалпы барлық қажетті заманауи медициналық жабдықтар бар. Сонымен қатар ауданда алғаш рет емхананың базасында 6 жасқа дейінгі балаларға арналған ерте даму және ерте араласу орталығын ашамыз, онда нәрестелер мен балаларға скрининг жүргізіледі. Қажетті мамандар – невропатолог, көз дәрігері, балалар дәрігері және патроназдық медбикелер бар. Емханада жалпы 28 дәрігер жұмыс істейді. Біз халыққа сапалы, әрі уақытылы медициналық көмек көрсету үшін бар күш-жігерімізді саламыз, - дейді Сарыөзек ауылындағы аудандық емхананың директоры Қанатбек

Әбдірахманов.

Емхананың құрылысы 2022 жылы басталды. Төрт қабатты ғимараттың ауданы 5,8 мың шаршы метрден асады. Емхана бір ауысымда 250 келушіге есептелген. Онда 15 төсектік алғашқы медициналық-санитарлық, арнайы, жедел және стационарды алмастыратын көмек түрлері көрсетілетін болады. Емханада терапия, хирургия, неврология, инфекциялық оқшаулау, балалар қабылдау бөлмесі қарастырылған әйелдер консультациясы, компьютерлік томография, рентгенологиялық және ультрадыбыстық зерттеу кабинеттері, сондай-ақ зертхана бар. Компьютерлік томограф, УЗИ, ЭКГ, фиброгастроуденоскопия, ЭМАДЛОР-комбайн, гистероскоп, велоэргометр және басқа да заманауи медициналық жабдықтар орнатылған. Жаңа стоматологиялық кабинет және емдік дене шынықтыруға арнап жабдықталған зал жұмыс істейді.

Ал Қаратал ауданының Жаңаталап ауылында бірден екі жаңа әлеуметтік нысан – спорт кешені мен 150 орындық мәдениет үйі іске қосылды. Тұрғындардың айтуынша, бұл мерекенің тамаша сый болған. Бұрын ауылда спорт кешені болмаған, ал мәдениет үйінің жұмысы жалға берілетін бөлмеде отырған. Блоқты-модульді конструкцияларды қолданудың арқасында объектілерді салуға алты айдан астам уақыт кетті. Жаңа спорт кешенінде күрес, волейбол, баскетбол, шахмат, тоғызқұмалақ секциялары, ал жаңа мәдениет үйінде вокал, би, домбыра, қобыз үйірмелері ашылған.

нысан ашылды. Блоқты-модульді спорт кешені Жетісу ауылында, ал блоқты-модульдік медпункт Ақешкі ауылында пайдалануға берілді.

Аумағы 700 шаршы метрден асатын заманауи спорт кешенінде баскетбол, волейбол және шағын футболға арналған зал бар. Сонымен қатар екінші қабатта тренажер залы орналасқан, нысан күрес, дзюдо жаттығуларына қажетті құралдармен жабдықталған.

Ақешкі ауылының тұрғыны Райхан Тәжіғұлова медициналық пункттің ашылғанына қатысты пікір бөлісіп:

-Өзауылымызда денсаулығымызды қарайтын медициналық пункт болса деп армандағанбыз. Енді басқа елді мекендерге сабылмай, кез келген уақытта жақын маңнан дәрігерге қаралып, тексеріле алатынымызға қуаныштымыз, - деді.

Атап өтсек, бұған дейін Көксу ауданы Кеңарал ауылында жаңа блоқты-модульді медициналық пункт ашылғанын болатын. Бұл ауылдағы бұрынғы медициналық пункттің ғимараты 1965 жылы салынған, тиісті талаптарға сай келмейтін.

Ал Сарқан ауданында қайта жаңғыртудан кейін Көктерек ауылында 200 орындық мәдениет үйі өз жұмысын бастады.

Бұрынғы мәдениет үйінің ғимараты 2000-шы жылдардың басынан бері күрделі жөндеуді қажет еткендіктен, нысан жұмыс істемей тұрған. Оны қайта жаңғыртуға 321 млн. теңге бюджет қаражаты жұмсалды. Ғимараттың екінші қабатында 9549 дана кітап қоры бар кітапхана орналасқан. Вокал, би, қолданбалы өнер, домбыра үйірмелері ашылып, 9 жаңа тұрақты жұмыс орны құрылды.

Жаңа мәдени нысанның ашылғанына талапты жастар да риза. Солардың бірі М. Мәметова атындағы орта мектептің 9-сынып оқушысы Айзере Башай:

- Мен биді жақсы көремін, бірнеше жылдан бері би үйірмесінде жаттығып келемін. Бұған дейін сабақтар мектеп қабырғасында өткізілетін, енді жаңа мәдениет үйіндегі арнайы үйірмеге қатысатын болдым, - дейді жас биші.

Фотографтар: Дмитрий Ерофеев, Қанат Байдрахымов, сол сияқты фотосуреттерді Кербұлақ, Қаратал ауданының әкімдіктері ұсынды.

Атап өтсек, Жаңаталап ауылында 1414 адам тұрады, ал ауылдық округтің өзінде тұрғындар саны екі мыңнан асады.

Сондай-ақ Ескелді ауданында жаңа жыл мерекесі қарсаңында тағы екі жаңа

**Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.**

# ЖЕТИСУ ОБЛЫСЫНДА ЖАҢА ЖЫЛ ҚАРСАҢЫНДА 105 ОТБАСЫ БАСПАНАЛЫ БОЛДЫ



**Жаңа жыл қарсаңында Жетісу облысында тағы 105 отбасы қоныстой қуанышына кенелді. Талдықорған және Жаркент қалаларында кезекте тұрған азаматтарға тұрғын үй кілттері табысталды, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.**

Атап айтқанда, Талдықорғанда көп балалы 25 отбасына «Береке» коттедж қалашығындағы үйлердің кілттері тапсырылды.

Жаңа қоныстанушылардың бірі 7 баланың анасы Гүлнұр Нұрымбетова:

- Бұл менің отбасым үшін Жаңа жылға үлкен сый болды. Тұрғын үй кезегінде 10 жылдан астам тұрдым. Осы сәтті ұзақ күттік. Біздің отбасымызды қуанышқа кенелткен азаматтардың бәріне шын жүректен алғыс айтамын, - деді.

Жалпы Талдықорған қаласында кезекте тұрғандарды қолжетімді

баспанамен қамтамасыз ету бағытындағы жұмыстар кезек-кезеңмен жүргізілуде. Жыл басынан бері қалада 1283 пәтер берілді. Олар - негізінен жалға берілетін және несиелік тұрғын үйлер. Алдағы 2025 жылы кезекте тұрғандар тағы 1448 отбасын тұрғын үймен қамтамасыз ету жоспарланып отыр.

Ал Панфилов ауданының Жаркент қаласында 80 пәтерлі тұрғын үй пайдалануға берілді. Жаңа пәтерлерді әлеуметтік осал топ санатымен кезекте тұрғандар, жетім балалар, көп балалы отбасылар және басқа да санаттағы азаматтар алады.

Атап өтсек, жыл басынан бері Панфилов ауданында кезекте тұрған 700-ге жуық адам баспаналы болды. Фотографтар: Нұрбол Қанағатов, Олжас Құрмашев

**Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі**

# ЖЕТИСУДЫҢ ПОЛИЦИЯ ОРГАНДАРЫНА ҚЫЗМЕТТІК 40 АВТОКӨЛІК БЕРІЛДІ



**Жаңа жыл қарсаңында Жетісу облысында өңірдегі полиция органдарына қызметтік 40 автокөлік берілді. Талдықорған қаласындағы «Жастар» Спорт сарайының маңындағы алаңда жаңа автокөліктердің кілтін облыс әкімі Бейбіт Исабаев тапсырды, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.**

Салтанатты шарада облыс әкімі тәртіп сақшыларына Жаңа жылмен құттықтап, күрделі де жауапты жұмыстарына сәттілік тіледі:

- Өңірдің тұрақты дамуы ең алдымен қоғамдық тәртіптің сақталуына, тұрғындардың қауіпсіздігі мен елдің тыныштығын қамтамасыз етуге тікелей байланысты. Қазіргі жаңа реформаларға негіз болып отырған заңның үстемдігін орнықтыру, әділдік пен ашықтыққа жол ашу міндеттерін іске асыруда сіздерге артылар жауапкершілік жүгі үлкен. Сондықтан сіздердің уақытпен санаспай, күні-түн демей, күрделі де жауапты жұмысты адал атқарған еңбектеріңізді әрдайым бағалаймыз және алғыс айтамыз. Осы орайда алаңсыз жұмыс істеулеріңізге қолайлы жағдай жасау – Мемлекет басшысының алдымызға қойған басты міндеттерінің бірі. Бұл ретте бүгінгі игі шара сіздердің өз міндеттеріңізді лайықты атқаруға, жұмыстарыңыздың сапасы мен тиімділігін жақсартуға мүмкіндік береді деп сенемін, - деді Б. Исабаев.

Атап өтсек, осы күні жалпы саны 40 автокөлік, яғни облыстық полиция департаментінің әрбір аудандық, қалалық бөлімшелеріне 4 қызметтік

автокөліктен берілді. Атап айтқанда, учаскелік полиция инспекторларына, патрульдік полицияға «Chevrolet Cobalt», табиғатты қорғау бөлімшелеріне «Wingle 7», кезекші бөлімдерге «ГАЗ Соболь» маркалы автокөліктері, сол сияқты Панфилов аудандық бөліміне қосымша тағы бір көлік - «JAC Sungar» берілді.

Өз кезегінде облыстық полиция департаментінің бастығы, полиция полковнигі Сарқытбай Құсаинов сөз алып, ішкі істер органдарына жасалып отырған қолдаулар үшін алғысын білдірді:

- Күнделікті көшеде және басқа да қоғамдық орындарда тиісті тәртіптің сақталуын бақылау, азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету – біздің басты міндетіміз. Осы орайда біздің бөлімшелерді материалдық және техникалық жабдықтауға үлкен қолдау көрсетіп отырғандарыңызға алғыс айтамыз, - деді ол.

Жалпы облыста ішкі істер органдарының материалдық-техникалық базасын нығайтуға ерекше көңіл бөлінеді. Мәселен, 2022 жылы жергілікті бюджеттен 26 автокөлік сатып алынып берілген болатын. Оған қоса бүгінге дейін облыста 34 бекетте, соның ішінде «Алматы – Өскемен» автожолына және Талдықорған қаласының жолдарына жалпы саны 240-қа жуық «Сергек» «Vidar», «Зерек» бейнекамералары орнатылды. Түрлі үлгідегі 8 мобильді кешен сатып алынып, ішкі істер органдарының қызметтік авткөліктеріне орнатылды. Олардың заң бұзушылықтарды анықтауда едәуір ықпалы бар екеніне тәжірибе жүзінде көз жеткізілгендіктен, алдағы жылы осындай тағы 20 мобильді кешен сатып алуға 445 млн. теңге қаржы қарастырылып отыр.

Фотограф: Жеңіс Ысқабай

**Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.**









**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКА МИНИСТРЛІГІ  
ТАБИҒИ МОНОПОЛИЯЛАРДЫ РЕТТЕУ КОМИТЕТІНІҢ ЖЕТИСУ ОБЛЫСЫ  
БОЙЫНША ДЕПАРТАМЕНТІНІҢ 2025 ЖЫЛҒЫ 08 ҚАҢТАРДАҒЫ № 01-НҚ  
БҰЙРЫҒЫМЕН 2025 ЖЫЛДЫҢ 01 АҚПАҢНАН БАСТАП ҚОЛДАНЫСҚА  
ЕНГІЗІЛЕ ОТЫРЫП ШЖҚ «ҚАРАБҰЛАҚЖЫЛУ» МКК ЖЫЛУ ЭНЕРГИЯ-  
СЫН ӨНДІРУ, БЕРУ, БӨЛУ ЖӘНЕ ОНЫМЕН ЖАБДЫҚТАУ ҚЫЗМЕТТЕРІНЕ  
БЕКІТІЛГЕН ТАРИФТЕРІ**

№ p/c	Қызметтердің атауы	өлшем бірлігі	Үкілетті орган бекіткен
1.	халық санатына жататын жеке тұлғалар – бірінші топ		
1.1.	жылу энергиясын есепке алу аспаптары жоқ тұтынушылардың бірінші тобы үшін (ТЕА жоқ хал.)		
	1-кіші топ – халық санатына жататын жеке тұлғалар, жылытылатын аудан 100 м2 -ге дейін	теңге/Гкал теңге/м2	5934,51 194,77
	2-кіші топ – халық санатына жататын жеке тұлғалар, жылытылатын аудан 100-ден астам және 200 м2-ге дейін	теңге/Гкал теңге/м2	6527,95 214,24
	3-кіші топ – халық санатына жататын жеке тұлғалар, жылытылатын аудан 200 м2 -ден астам	теңге/Гкал теңге/м2	16034,95 526,27
1.2.	жылу энергиясын есептеудің есепке алу аспаптары бар тұтынушылардың бірінші тобы үшін (ТЕА бар хал.)		
	1-кіші топ – халық санатына жататын жеке тұлғалар, жылытылатын аудан 100 м2 -ге дейін	теңге/Гкал	3677,96
	2-кіші топ – халық санатына жататын жеке тұлғалар, жылытылатын аудан 100-ден астам және 200 м2-ге дейін	теңге/Гкал	5368,36
	3-кіші топ – халық санатына жататын жеке тұлғалар, жылытылатын аудан 200 м2 -ден астам	теңге/Гкал	12172,16
2.	Бірінші және үшінші топқа жатпайтын өзге тұтынушылар – екінші топ		
2.1.	жылу энергиясын есепке алу аспаптары жоқ тұтынушылардың бірінші және үшінші тобын қоспағанда, тұтынушылардың екінші тобы үшін (ТЕА жоқ өзге)	теңге/Гкал	12921,35
2.2.	жылу энергиясын есепке алу аспаптары бар тұтынушылардың бірінші және үшінші тобын қоспағанда, тұтынушылардың екінші тобы үшін (ТЕА бар өзге)	теңге/Гкал	9141,12
3.	Бюджет қаражаты есебінен ұсталатын бюджеттік ұйымдар – үшінші топ		
3.1.	жылу энергиясын есепке алу аспаптары жоқ тұтынушылардың үшінші тобы үшін (ТЕА жоқ бюджет)	теңге/Гкал	53721,44
3.2.	жылу энергиясын есепке алу аспаптары бар тұтынушылардың үшінші тобы үшін (ТЕА бар бюджет)	теңге/Гкал	34919,75

**ТАРИФЫ НА УСЛУГИ ГКИ НА ПХВ «КАРАБҰЛАҚЖЫЛУ» ПО ПРОИЗ-  
ВОДСТВУ, ПЕРЕДАЧЕ, РАСПРЕДЕЛЕНИЮ И СНАБЖЕНИЮ ТЕПЛОВОЙ  
ЭНЕРГИЕЙ, УТВЕРЖДЕННЫЕ ПРИКАЗОМ ДЕПАРТАМЕНТА КОМИТЕТА ПО  
РЕГУЛИРОВАНИЮ ЕСТЕСТВЕННЫХ МОНОПОЛИЙ ПО ОБЛАСТИ ЖЕТИСУ  
МИНИСТЕРСТВА НАЦИОНАЛЬНОЙ ЭКОНОМИКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХ-  
СТАН ОТ 08 ЯНВАРЯ 2025 ГОДА № 01-ОД, С ВВОДОМ В ДЕЙСТВИЕ  
С 01 ФЕВРАЛЯ 2025 ГОДА**

№ n/p	Наименование услуг	единица измерения	утверждено Уполномоченным органом
1.	Физические лица, относящиеся к категории населения – первая группа		
1.1.	для первой группы потребителей, не имеющих приборы учета тепловой энергии (Тнас.без ПУ)		
	1 подгруппа – физические лица, относящиеся к категории населения, отапливаемая площадь до 100 м2	теңге/Гкал теңге/м2	5934,51 194,77
	2 подгруппа – физические лица, относящиеся к категории населения, отапливаемая площадь свыше 100 до 200 м2	теңге/Гкал теңге/м2	6527,95 214,24
	3 подгруппа – физические лица, относящиеся к категории населения, отапливаемая площадь свыше 200 м2	теңге/Гкал теңге/м2	16034,95 526,27
1.2.	для первой группы потребителей, имеющих приборы учета тепловой энергии (Тнас.с ПУ)		
	1 подгруппа – физические лица, относящиеся к категории населения, отапливаемая площадь до 100 м2	теңге/Гкал	3677,96
	2 подгруппа – физические лица, относящиеся к категории населения, отапливаемая площадь свыше 100 до 200 м2	теңге/Гкал	5368,36
	3 подгруппа – физические лица, относящиеся к категории населения, отапливаемая площадь свыше 200 м2	теңге/Гкал	12172,16
2.	Прочие потребители, не относящиеся к первой и третьей группе – вторая группа		
2.1.	для второй группы потребителей, за исключением первой и третьей группы потребителей, не имеющих приборы учета тепловой энергии (Тпроч.без ПУ)	теңге/Гкал	12921,35
2.2.	для второй группы потребителей, за исключением первой и третьей группы потребителей, имеющих приборы учета тепловой энергии (Тпроч.с ПУ)	теңге/Гкал	9141,12
3.	Бюджетные организации, содержащиеся за счет бюджетных средств - третья группа		
3.1.	для третьей группы потребителей, не имеющих приборы учета тепловой энергии (Тбюдж.без ПУ)	теңге/Гкал	53721,44
3.2.	для третьей группы потребителей, имеющих приборы учета тепловой энергии (Тбюдж.с ПУ)	теңге/Гкал	34919,75

**ЖЕТИСУ ОБЛЫСЫ, ЕСКЕЛДІ АУДАНЫ,  
СЫРЫМБЕТ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНЕ ҮМІТКЕР  
БЕКБҰЛҒАНОВ РИНАТ КАЙРОШЕВИЧ**



Мен, Бекбулганов Ринат Кайрошевич, 16 тамыз 1990 жылы Алматы облысы, Ескелді ауданы, Қарабұлақ ауылында дүниеге келдім.

Еңбек жолымды 2011 жылғы 08 сәуірде «Қазақстан Республикасы қаржы министрлігінің мемлекеттік кірістер комитеті Алматы облысы бойынша мемлекеттік кірістер департаментінің Ескелді ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы» мемлекеттік мекемесінің ғимаратқа қызмет көрсетуші болып жұмыс атқардым.

2015 жылғы 19 ақпанда «Ескелді ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің келісім шарт негізінде инспекторы лауазымында қызмет атқардым.

2016 жылдың 10 қазанда конкурстың нәтижесінде «Текелі қаласы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің ұйымдастыру-инспекторлық жұмыс бөлімінің бас маманның міндетін атқарушысы болып жұмыс атқардым.

2016 жылдың 14 желтоқсанынан бастап конкурстың нәтижесінде «Текелі қаласы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің ұйымдастыру-инспекторлық жұмыс бөлімінің бас маманы лауазымына орналастым.

2018 жылдың 27 тамызынан бастап конкурстың нәтижесінде «Текелі қаласы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің ұйымдастыру-инспекторлық жұмыс бөлімінің бас инспектордың міндетін атқарушы лауазымына тағайындалдым.

2018 жылдың 24 қыркүйегінен бастап конкурстың нәтижесінде «Текелі қаласы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің ұйымдастыру-инспекторлық жұмыс бөлімінің бас инспекторы лауазымына тағайындалдым.

2018 жылы 12 қазанынан бастап конкурстың нәтижесінде «Ескелді ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің мемлекеттік қызметтер мониторингі және ақпараттық технологиялар бөлімшесінің бөлімше басшысы лауазымына тағайындалдым.

2021 жылдың 03 желтоқсанынан бастап конкурстың нәтижесінде «Ескелді ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің жалпы және қаржы шаруашылық бөлімшесінің бөлімше басшысы лауазымында осы күнге дейін қызмет атқарамын.

Сайлауалды БАҒДАРЛАМАСЫ Ауылдық округі әкіміне үміткер ретінде ұсына отырып, ауылдық округ тұрғындары алдындағы үлкен жауапкершілікті терең түсінемін. Әкім тәжірибелі басқарушы-шаруашылық жүргізуші болуы тиіс деп білемін. Сондықтан ауылдағы әлеуметтік мәселелерді шешу үшін бар күш-жігерімді жұмсауға және мемлекеттік қызметте еңбек еткен кезеңдегі жинақталған барлық тәжірибе мен білімімді қолдануға ниеттенемін. Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің тапсырмаларын орындау мен ауылда мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру менің сайлауалды бағдарламамның негізгі мақсатміндеттері болып табылады.

Менің сайлауалды бағдарламам Сырымбет ауылдық округінің тұрғындарын толғандыратын келесі мәселелерді жүзеге асыруды қамтиды:

Ауылдық округтің тұрмыс-тіршілігін қамтамасыз етуге бағытталған жергілікті өзін-өзі басқаруды дамытуға;

Заң талаптарын қатаң сақтай отырып, ауыл тұрғындарының сұраныстары, өтініштері мен арыз - шағымдарына уақытылы зерттеу жүргізу, заң аясында шешімін табуға жұмыс жасау, орындаушылық тәртіпті күшейту;

Жаңа жұмыс орындарын құруға және округ экономикасына инвестициялық жобаларды тарту жолдарын іздеймін;

Елді мекендерді санитарлық тазарту, көгалдандыру және абаттандыру жұмыстарын өз деңгейінде жүргізу, жыл сайын ағаш егуді жетілдіру, жасыл аймақ аумақтарын көбейту жұмыстарын жүргізу;

Ауылдық округті абаттандыру, көгалдандыру және санитарлық тазалау бойынша жұмыстарын күшейтуге

Әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешу бойынша шаруашылық жүргізуші субъектілердің басшыларымен, кәсіпкерлермен жұмыс жүргізу;

Аудан басшылығының қолдауымен ауылды сапалы ауыз сумен қамтамасыз етіп, көше жолдарының жөндеу жұмыстарын, электр жүйесі қызметін жақсарту, сонымен қатар медициналық пункт, ветеринарлық пункт, әкімшілік ғимаратының жаңадан салынуын іс-жүзінде жүзеге асырылуын көздеймін;

Қоғамның ең қозғаушы күші жастармен қоғамдық кеңес құру арқылы ауыл жастарының белсенділігін арттыру; Жастардың белгілі бір кәсіптік білім алуына, өз бейімділіктері мен мамандықтарына орай жұмысқа орналасуына жағдай жасау. Ол үшін «Дипломмен ауылға» бағдарламасын қолдау және облыс, аудан орталықтарындағы білімді, білікті мұғалім, дәрігер мәдениет саласының кадрларын тығыз байланыс орнатуды жолға қою;

Ең бастысы, халықтың қолдауымен, ауызбіршілікпен барлық міндеттер жүзеге асырылады деп ойлаймын. Жаңа Қазақстанды құруға бірге ат салысайық.

Ізгі Құрметпен,  
Бекбулганов Ринат Кайрошевич

**В ОБЛАСТИ ЖЕТИСУ ОПРЕДЕЛИЛИ ЛИДЕРА В ОКАЗАНИИ  
ПЕРВИЧНОЙ МЕДИКО-САНИТАРНОЙ ПОМОЩИ**

**Филиал Фонда социального медицинского страхования награждает победителей конкурса «Лидер ПМСП».**

В течение трех месяцев поликлинические службы региона соревновались за звание лучшей организации, проделав значительную работу по повышению качества медицинских услуг.

Основное внимание уделялось минимизации жалоб от населения, совершенствованию работы служб поддержки пациентов, усилению внутреннего контроля, укреплению репутации организаций и повышению доверия жителей области.

По итогам конкурса:  
-1 место — Алакольская центральная районная больница  
-2 место — Талдыкорганская городская поликлиника  
-3 место — Талдыкорганская городская поликлиника №2

Конкурс «Лидер ПМСП» был организован впервые и стартовал 1 сентября. Его цель — стимулирование медицинских организаций, оказывающих первичную медико-санитарную помощь, к внедрению комплексных мер для улучшения своей деятельности.

Филиал по области Жетісу  
НАО «Фонд социального  
медицинского страхования»



В области Жетісу определили лидера в оказании первичной медико-санитарной помощи

QOLDAU 24/7 1414 SAQTANDYRYBOT

